

№ 2 Аралық бақылау

I. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ

- Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, шешендік өнерді насихаттау, аудан тұрғындарының арасынан талапты, талантты азаматтарды іздеп табу мақсатында «Қанеки, тілім, сөйлеші!» атты аудандық шешендік өнер байқауы өткізілетін болыпты.
- Өте жақсы бастама екен. Байқау талаптары көрсетілген бе?
- Байқауға қатысушылар мынадай тапсырмаларды орындауы тиіс:
«Сәлемдесу –сөз басы» (үміткердің өзін –өзі көпшілікке таныту)
«Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады». Жұмбақтап айтылған шешендік сөздердің, мақал –мәтелдердің астарын ашып, мән мағынасын түсіндіру.
«Өнерге әркімнің - ақ бар таласы». Би –шешендердің сөздерінен үзінділер айту, қисса, дастан, көркемсөз оқу, күй, терме, дәстүрлі ән орындау сияқты қазақ халқына тән ұлттық өнер түрінен сайысқа түсу.
«Шешендік –шеберлік». Үміткерлер осы заманғы проблемалық тақырыптар бойынша бір –бірінен асып түсетіндей білгірлік, ділмарлық , шешендік танытып, күнделікті өмірде кездесетін түрлі даулы мәселелерді шешу.
- Соңғысы қиындау екен. Дегенмен бағымызды сынап көрсек қайтеді сынап көрсек қайтеді?
- Көрсек көрейік!

1. Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) мемлекеттік тіл
- B) шешендік өнер сайысы
- C) қазақтың би –шешендері
- D) қазақтың ұлттық өнерінің түрлері

2. Нақты деректі анықтаңыз.

- A) Сайыстың шарттары өте жеңіл
- B) Сайыс бірнеше бөлімнен тұрады
- C) Сұхбатқа қатысушылар сайыс шарттарымен танысты.
- D) «Қанеки, тілім, сөйлеші!» атты шешендік өнер сайысы өтеді

3. Дұрыс жауапты табыңыз.

Байқаудың қай тапсырмасы қиын?

- A) Би –шешендердің сөздерінен үзінділер айту
- B) Үміткердің өзін –өзі көпшілікке таныстыруы
- C) Шешендік сөздердің астарын ашып, мағынасын түсіндіру
- D) Қазіргі проблемалық тақырыптар бойынша сөйлеп, шешендік таныту

4. Дұрыс жауапты табыңыз.

Сұхбаттасушылардың ойы қандай?

- A) Шешендік өнер сайысына қатысу
- B) Шешендік өнер сайысын тамашалау
- C) Шешендік өнер сайысын ұйымдастыру
- D) Шешендік өнер сайысына қатысушыларды сынау

5. Диалог мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты табыңыз.

- A) Мектеп оқушылары «Сәлемдесу – сөз басы» атты сайысқа қатысты.
- B) Студенттер арасында дөңгелек үстел өткізілді.
- C) Мемлекеттік қызметшілер өз өнерін танытты.
- D) Аудандық тілдерді дамыту жөніндегі бөлім өнер байқауын өткізетін болды.

6. Диалог мазмұнына сай дұрыс жауапты табыңыз.

«Қанеки, тілім, сөйлеші!» атты шешендік өнер сайысына қатысушылар неше тапсырма орындайды?

- A) 4;
- B) 6;
- C) 3;
- D) 5.

7. Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты табыңыз.

- A) «Шешендік - шеберлік» тақырып - проблемалық тақырыптарына арналған бөлім.
- B) Өнер байқауын ұйымдастырушысы – аудандық тілдерді дамыту жөніндегі бөлім.
- C) Мемлекеттік қызметшілер «Сәлемдесу – сөз басы» байқауына қатысты.
- D) Байқау аудан тұрғындардың арасында өткізіледі.

8. Диалог мазмұнына сай дұрыс жауапты табыңыз.

Аудандық шешендік өнер байқауы

- A) «Шешендік - шеберлік» проблемалық тақырыптарды шешу үшін ұйымдастырылды.
- B) Өнер байқауына атақты адамдарды қатыстырушы үшін өткізілді.
- C) Аудан тұрғындардың арасында талапты, талантты азаматтарды анықтау үшін өткізіледі.
- D) Мемлекеттік қызметшілер арасында тіл мәдениетін көтеру мақсатында өткізілді.

9. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Жұмбақтап айтылған астарын ашып, мән мағынасын түсіндіру

- A) қисса, дастан, көркемсөз оқу
- B) шешендік сөздерің , мақал – мәтелдердің
- C) күй, терме, дәстүрлі ән
- D) ұлттық өнер сайысы

10. Диалог мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты табыңыз.

- A) «Өнерге әркімнің - ақ бар таласы» тапсырма шешендік сөздердің мән мағынасын түсіндіру.
- B) «Өнерге әркімнің - ақ бар таласы» тапсырма байқаудың бірінші бөлігі.
- C) Үміткердің өзін-өзі таныстыруы «Шешендік - шеберлік» бөлігінде болады.
- D) «Өнерге әркімнің - ақ бар таласы» тапсырмасының мақсаты қазақ халқына тән ұлттық өнер туралы мағлұмат беру.

II. ЛЕКСИКА – ГРАММАТИКА

1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңыз:

Киімнің тігілуінен халық ... жай-күйі, мәдениетінің ... , ғасырлар бойы ... еңбек ... көрінеді.

- A) өмірінің, дамуы, дәстүрі, ақысы;
- B) тұрмысының, қалыптасуы, жинаған, тәжірибесі;
- C) киімінің, барысы, сақтаған, көрінісі;
- D) дәстүрінің, жалғасы, алған, жолы;

2. Дұрыс құрылмаған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Халық шеберлерінің көптеген қолтумалары өнердің өлмес туындыларына айналды.
- B) Олар - қазақ халқының мәдени қазынасы.
- C) Мынау – жүк аяқ, мынау сандық, мынау – ағаш төсек.
- D) Киім үлгілер Мемлекеттік мұражай көру болады.

3. Өмірбаянның мазмұны не туралы болады?

- A) Жұмысқа қабылдау туралы;
- B) Қызметкердің мінез-құлқы туралы;
- C) Қызметкердің құқықтары мен міндеттері туралы;
- D) Өмір жолы туралы;

4. Мына сөйлем қандай құжатта кездеседі?

Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері.

- A) Түйіндемеде;
- B) Өмірбаянда;
- C) Еңбек шартында;
- D) Мінездемеде;

5. Көсемшенің жұрнақтары жалғанған сөздерді көрсетіңіз.

- A) байқалады, көрінеді, болады;
- B) қалыптасуы, кестелеу, әдіптеу;
- C) айналды, көруге, өлмес;
- D) бағалы, ерекшеліктері, жинаған;

6. Тұрақты сөз тіркесі қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жүрегі елжіреп, сүйсіне қарады.
- B) Жүрекке қатқан мұз жібімей, мелшиген күйде қалды.
- C) «Жүрек жұтқан» деп осыны айт.
- D) Жүрек тұсы шаншып қоя берді.

7. Сөйлемнің қай түрі?

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі әрқашан жоғары болсын.

- A) Хабарлы сөйлем
- B) Сұраулы сөйлем
- C) Лепті сөйлем
- D) Бұйрықты сөйлем


8. Қолтума сөзінің орыс тіліндегі баламасын көрсетіңіз.

- A) нашивать;
- B) исконный;
- C) вкус;
- D) образец;

9. Буынға дұрыс бөлінген сөзді көрсетіңіз.

- A) әш-е-кей;
- B) ә-шек-ей;
- C) ә-ше-кей;
- D) әше-кей;

10. Суретте бейнеленген құбылысты көрсетіңіз.



- А) Ақ шаңқан киіз үйлер, көгілдір аспан, ақша бұлт, биік таулар, жасыл шөп;
- В) Ақ шаңқан киіз үйлер, жазық дала, қара бұлт, сарғайған шөп;
- С) Ақ шаңқан киіз үйлер, аспанда самғаған құстар, күн сәулесі;
- Д) Ақ шаңқан киіз үйлер, өзен жағасы, ұшып-қонған құстар, қызғалдақтар;

11. Сөйлемді толықтырыңыз

Алматыда көшелердің ... апорт көшеттері отырғызылып жатыр.

- А) ішіне
- В) бойына
- С) арасында
- Д) ортасында

12. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Үйдің жанынан жүк машинасы ... етіп өте шықты.

- А) гүр-гүр
- В) дыр-дыр
- С) шыңқ-шыңқ
- Д) салдыр-гүлдір

13. Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.

Әне, екі жылда мәдени байланыс орнаттық.

- А) ренжу
- В) ұнатпау
- С) нұсқау
- Д) таңдану

14. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

- ..., бұл –біздің биылғы жетістігіміз!

- А) Ой
- В) Қап
- С) Кәні
- Д) Міне

15. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

Мына жеңіл көлік көршім..., ал менің автокөлігім жоқ.

- А) -тікі
- В) -нікі
- С) -дікі
- Д) -нің

16. Мақсат мәнді қатарды көрсетіңіз.

- А) бір сағатқа кетті
- В) мұражайға кетті
- С) кітап өткізуге кетті
- Д) кітапханаға кетті

17. Бірлесіп жүзеге асырған іс-әрекетті білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Ұстаздар әдістемелік семинар өткізді.
- В) Ұстаздар республикалық семинарға барды.
- С) Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылыпты.
- Д) Ұстаздар оқушылармен бірге семинар ұйымдастырды.

18. Қате нұсқаны көрсетіңіз.

- A) М. Әуезов мұражайы
B) опера және балет театр
C) «Егемен Қазақстан» газеті
D) «Ұлттық қауіпсіздік» комитеті

19. Жинақтау мәнді сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

- A) Ел құлағы елу.
B) Ерінген екі істейді.
C) Ердің екі сөйлегені - өлгені.
D) Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

20. Дұрыс жауапты табыңыз.

Қазақстаннан ... спортшы олимпиадаға барады.

- A) жүздерде
B) жүз-жүз
C) жүзінші
D) жүз шақты

21. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Галереяда суреттердің ... табиға туралы екен.

- A) бәрі
B) күллі
C) жалпы
D) барлық

22. Белгісіздік мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сен өзінің шаруаға ұқыпты бала екенсің.
B) Мына шаруаны, қарағым, сен бітіре салшы.
C) Сөзін әлденеше Қайталап, нықтап отыратын.
D) Әр адам өз ісіне жауаптылықпен қарауы керек.

23. Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Әкем кейде кешке телидидар көретін.
B) Таңертең теледидардан қызық хабар айтылыпты.
C) Мен теледидардан тарихи фильм көргенді ұнатамын.
D) Кішкентай інілерім қасқыр мен қоян жайлы мультфильмді жақсы көреді.

24. Осы сәтте орындалып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Айымгүл ағасына хат жазып отыр.
B) Бұрын адамдар жиі хат жасысатын.
C) Әжем әскердегі ағама хат жаздырды.
D) Айымгүл құрбысына хат жазысып тұрған екен.

25. Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Айгүл Жанар мен Нұрсұлуды таныстырды.
B) Олар ескі достарша тез табысып кетті.
C) Ал Асқар Нұрсұлуды да, Жанарды да танымайды.
D) Айгүл олардың бұрыннан бері бәрін жақсы таниды.

26. Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.

Мен уақытымды бос

- A) болмақ емес

- В) жүрген жоқпын
- С) өткізбек емеспін
- Д) шұғылданған жоқпын

27. Мақсатты түрде орындалмаған іс-әрекетті табыңыз.

- А) Суденттер ертең жорыққа шығады.
- В) Студенттер биыл жорыққа көп шыққан жоқ.
- С) Оы демалыста студенттер жорыққа шықпақ емес.
- Д) Студенттер өткен аптада жорыққа шықпаған болатын.

28. Көп үктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ұста өмір айналысқан кәсібінен бірден қол үзіп кете алмады.

- А) бойы
- В) қатар
- С) секілді
- Д) туралы

29. Бағытты білдіретін тіркесі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Біз түске дейін қалада болдық.
- В) Олар қалаға қарай кетіп барады.
- С) Ағам қаладан келген сайын көп базарлық әкелетін.
- Д) Інім қаладан келгелі бері әлденеге мазасызданып жүр.

30. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Апта соңында «Жеті күннің» басты жаңалықтарымен галамтордағы жаңалықтармен де танысамыз.

- А) бері
- В) қоса
- С) қарай
- Д) бұрын

III. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ

Мәтін.

Хабар –телеарнаның бірі.

Хабар –еліміздегі жетекші телеарналардың бірі. Осыған орай оған бүгінде артылатын жауапкершіліктің де салмағы ауыр. Ал министрлік агенттік тарапынан ұсынылған кез келген бастаманы қолдауға дайын» - деді Мәдениет, ақпарат және байланыс министрі.Келесі жылдан бастап «Хабар агенттігі» Акционерлік қоғамын қаржыландыру айтарлықтай ұлғаятын болады. Алдын ала есеп бойынша ол 6 миллиард 200 миллион теңгені құрамақ. Бұл туралы Мәдениет, ақпарат және байланыс министрі «Хабар агенттігі» Акционерлік қоғамының өкілдерімен болған кездесуінде мәлім етті. Министрдің сөзіне қарағанда, бұл қаржы агенттік өкілдері тарапынан білдірілген ұсыныстар негізінде әлі де болса пысықталмақ.

«Бүгінде агенттікке артылатын жүк ауыр. Өйткені ол – еліміздің жетекші арналардың бірі. Агенттікке қарасты телеарналардың хабарлары – Елбасының ұдайы назарында. Мемлекет басшысы агенттікке қарасты арналарды тек тамашалап қана қоймай, оған қаржылық тұрғыдан да үлкен қолдау көрсетіп келеді. Мысалы, 2006 жылы агенттікке берілген мемлекеттік тапсырыс 3 миллиард 900 теңге болса, небәрі үш жылдан соң бұл көрсеткіш 5 миллиард 900 миллион теңгеге жетті. Бұл –өте үлкен сома», -деді министр.

Қазақ тіліндегі хабарлары елу пайызға жетпейтін телеарналар заң жүзінде қатаң жауапқа тартылады. «Бәсекеге қабілетті қазақи ортаны қалыптастыру – басты міндеттеріміздің бірі. Елімізде қазір өз тілін түсінбейтін бірде –бір қазақ жоқ .Бұл мәселені «Хабар» агенттігі басты назарда ұстағаны жөн»,- деді министр. «Біз бүгінде телеарна саласындағы үлкен өзгерістерді күтіп отырмыз. Ол - сандық телеарнаға көшумен байланысты мәселе. Қазір біз сандық телеарнаға көшуге қажетті шығындардың мөлшерін анықтау үстіндеміз.» - дейді министр.

1.Мәтіннің бірінші азат жолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Министрдің баяндамасы
- B) Министрдің «Хабар» агенттігін қолдау
- C) «Хабар» агенттігін қаржыландыру
- D) «Хабар»- Қазақстандағы басты телеарналардың бірі.

2.Сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.

Келесі жылдан бастап қаржыландыру айтарлықтай ұлғаяды.

- A) «Қазақстан –Ақтөбе» телеарнасы
- B) «Хабар агенттігі» Акционерлік қоғамын
- C) «Қазақстан» телеарнасы
- D)КТК телеарнасы

3.Мәтіннің екінші азат жолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Министрдің есебінен
- B) Елбасы назарындағы телеарна
- C) Телеарна саласындағы өзгерістер
- D) «Хабар» телеарнасының даму жолы

4.Сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.

Агенттікке қарасты телеарналардың хабарлары -

- A)Қазақстанның назарында
- B)Елбасының ұдайы назарында
- C)Ақтөбенің ұдайы назарында
- D)Астананың ұдайы назарында

3.Мәтіннің үшінші азат жолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Тіл үйренушілер бағдарламасы.
- B) «Хабар» агентігінің басты міндеттері
- C) Қазақ тіліндегі хабарлардың санын көбейту
- D) «Хабар» -қазақи ортаны қалыптастыратын арна

4.Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) .Хабар - еліміздегі жетекші телеарналардың бірі.
- B) Агенттікке қарасты телеарналардың хабарлары – Елбасының ұдайы назарында.
- C) Жергілікті телеарнамыз «Рика» қазақ тіліндегі хабарлардың санын көбейтуде
- D) «Хабар» - қазақи ортаны қалыптастыратын арна

5.Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Хабар агентігінің қаржысы
- B) Хабар телеарнаның болашағы
- C) Еліміздегі мықты телеарналардың бірі
- D) Хабар телеарнасы сандық телеарнаға көшуде

6. Сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.

- A) Хабар агенттігінің қаржысы
- B) Хабар телеарнаның болашағы
- C) Еліміздегі мықты телеарналардың бірі
- D) Хабар телеарнасы сандық телеарнаға көшуде

7. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Хабар агенттігінің қаржысы
- B) Хабар телеарнаның болашағы
- C) Еліміздегі мықты телеарналардың бірі
- D) Хабар телеарнасы сандық телеарнаға көшуде

8. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қазақ тіліндегі хабарлары елу пайызға жетпейтін телеарналар

.....

- A) заң жүзінде қатаң жауапқа тартылады
- B) Қазақстан Республикасы көрсетілген бабына сәйкес қылмысқа тартылады
- C) заң жүзінде қатаң жауапқа тартылмайды
- D) Қазақстан Республикасы көрсетілген бабына сәйкес қылмысқа тартылмайды

9. Сөйлемді толықтырыңыз.

Мемлекет басшысы агенттікке қарасты арналарды тек тамашалап қана қоймай, оған

- A) басшылық
- B) қаржылық
- C) ақшалай
- D) ақшалай емес

10. Сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.

Ол - көшумен байланысты мәселе.

- A) көптеп телеарна хабарын тарату
- B) тәуелсіз телеарналар
- C) сандық телеарнаға
- D) аралас тілдегі телеарналар